

03-01-15

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

Садыкова Гульнар Дингуатовна

Директордың лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ереже

1.1. Осы лауазымдық нұсқаулық мектеп басшысы еңбегіне тарифтік-квалификациялық бағалау негізінде ҚР Білім және ғылым Министрлігінің 13.07.2009ж. №338 бұйрығына, ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің 28.06.2003ж. №141 бұйрығына. Осы Министрліктің 30.05.2003ж. №119 бұйрығы сәйкес құрастырылды.

1.2. Мектеп басшысы жоғары мекеме басшылығының (Білім басқармасы) нұсқауымен тағайындалады және босатылады.

Кезекті еңбек демалысы немесе уақытша еңбекке жарамсыз болған жағдайда оның міндетін орынбасарлары атқарады.

1.3. Мектеп директорының кәсіби жоғары білімі және кемінде 5 жылдық педагогикалық еңбек өтілі, оған қоса лауазымдық қызметте болу міндетті.

1.4. Мектеп директоры тікелей Білім беру басқармасына бағынады.

1.5. Мектеп басшысы ҚР Конституциясы мен Заңдарын, еңбекті қорғау заңдарын, қауіпсіздік ережелері мен өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін басшылыққа ала отырып, барлық еңбек келісім шарттарды мұқият орындауға міндетті. Бала құқығын сақтау Конвенциясы ережелерін бұлжытпай орындайды.

2. Міндеттері

Мектеп басшысының негізгі міндеттері:

2.1. Білім беру мекемелері мен ұйымдардың ережелері мен құқықтық нормативтік актілерін басшылыққа алады.

2.2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, педагогикалық және әдістемелік кеңес шешімдерін тарату жұмыстарын ұйымдастырады.

2.3. Педагогикалық ұжымға әдістемелік басшылық көрсетеді.

2.4. Ғылыми-әдістемелік және мектептің материалдық-техникалық базасына, оқу-тәрбие үрдісіне басшылық жасап, бақылауда ұстайды.

2.5. Оқу үрдісінде техникалық қауіпсіздікті сақтау барысын қадағалайды.

3. Лауазымдық міндеттері

Мектеп директоры:

3.1. Жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларды бекітеді.

3.2. Жалпы білім беру ережелеріне сәйкес бекітілген аймақ көлемінде балаларға білім беру жұмыстарын қадағалап, қамтамасыз етеді.

3.3. Оқу-тәрбие үрдісінде әдістемелік нұсқаулықтар беріп, заман талабына сәйкес ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етеді.

3.4. Педагогикалық ұжымның қалыптасуына, әдістемелік бірлестіктердің, балалар ұжымдарының дамуына жағдай жасайды.

3.5. Оқыту үрдісінде оқушылар мен мекеме қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын қорғау қауіпсіздігін сақтауға толық жағдай жасайды. Олардың құқықтарын қорғап, әлеуметтік жағдайын жақсартуға көмектеседі.

3.6. Оқушының жеке дамуына, оларды әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді.

3.7. Тамақтандыру ісімен, медициналық көмек көрсету ісімен айналысады.

3.8. Арнайы белгіленген құқықтық ережелер негізінде бөлінген қаражаттар мен заттарды орынды пайдалану ісін бақылайды.

3.9. Оқу-материалдық базаны есепке алу, жетілдіру, қамтамасыз ету істерімен айналысады. Ішкі еңбек тәртібін, санитарлық-гигиеналық ережелерді, еңбек және техникалық қауіпсіздіктерді сақтау ісіне бақылау жасайды.

3.10. Педагог кадрларды іріктеу, орналастыру ісімен айналысады, басқару жүйесін тағайындайды, қызметкерлердің штаттық кестесі мен лауазымдық міндеттерін бөледі, кәсіби біліктілігін жоғарылату ісімен айналысады.

3.11. Мұғалімдердің оқу жүктемесін бөліп, құжаттарды рәсімдеу ісімен айналысады.

3.12. Есеп құжаттардың жүргізілуін қатаң қадағалайды.

3.13. Педагогикалық кеңестер жүргізеді.

3.14. Қызметкерлерді аттестациялаудың бекітілген ереже негізінде жүргізілуін қадағалайды.

3.15. Еңбегімен ерекшеленген мұғалімдер мен басқа да қызметкерлерді марапаттау ісімен айналысады.

3.16. Қоғамдық істермен айналысып, ата-аналармен жұмыс ісіне басшылық етеді.

3.17. Жоғары Мемлекеттік мекемелерге есеп беру ісіне басшылық етеді.

3.18. Дене тәрбиесі пәнінің жүргізілу сапасын қадағалайды.

3.19. Оқу үрдісінің сапалы жүргізіліп, оқуші білімінің әділ бағалануын қадағалайды; сабақтарға, түрлі іс-шараларға қатынасады, оларға талдау жасап, қажетті жерінде әдістемелік көмек көрсетеді.

3.20. Қоғамдық орындарда педагог кадрлардың этикалық нормаларды сақтауын қадағалайды.

4. Құқығы

Мектеп директордының құқықтары:

4.1. Кез келген сабаққа қатынасуға құқылы;

4.2. Қол астындағы қызметкерлерге орындауға міндетті тапсырмалар беруге;

4.3. Бекітілген мектепшілік ережелерге, ҚР Еңбек кодексіне және «Білім туралы» заңдылықтарына қарсы іс-әрекет жасаған жағдайда оқушылар мен қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарта алады;

5. Жауапкершілігі

Мекеме басшысы ҚР Еңбек кодексіне, ҚР «Білім туралы» (45 ст. Т. 3) заңдары негізінде төмендегі жауапкершіліктер жүктеледі:

- 1) Оқушылар мен қызметкерлердің құқықтарына қайшы әрекет еткенде;
- 2) Шамадан тыс тапсырмалар берген жағдайда;
- 3) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты талаптарын орындамағанда;
- 4) Оқу және тәрбие үрдісі кезінде оқушылар мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпті әрекет еткенде;
- 5) Қаржыны мақсатты жұмсамаған жағдайда;
- 6) Еңбек кодексіне қайшы басқа да тәртіп бұзушылық орын алғанда.

Білуі керек:

ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы», ҚР «Тіл туралы», ҚР «Бала құқығы», «Жемқорлықпен күрес», «Отбасы туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер» т.б. Заңдармен қоса білім берудің болашағы мен бағыттарын айқындайтын, пәндерді оқыту әдістемелерін, оқу кабинеттерін жабдықтау, жарықпен қамтамасыз ету мәселелерін, педагогика мен психология негіздерінде мемлекеттік жалпыға білім беру стандартын, экономика, құқық, еңбек кодекстерінің заңдылықтарын, техникалық және өрт қауіпсіздіктерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____ **Г.Д. Садыкова**

Мерзімі: «_____» _____ **20** _____ **ж.**

03-01-15

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

КОЖАНОВА КУАНЫШ ТАКАУВНА

ДИРЕКТОРДЫҢ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ БОЙЫНША ОРЫНБАСАРЫ

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық ҚР-ның 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.06.2003ж. №141 бұйрығы мен Педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының тарифтік-біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы барлық сала қызметкерлеріне ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі бекіткен 30.05.2003ж. №119-п бұйрығы, мектептің ұжымдық келісімі, Қаулысы негізінде әзірленді. Директордың шетел тілдері бойынша орынбасарын мектеп директоры тағайындайды және босатады.

1.2. Директордың шетел тілдері бойынша орынбасары демалыста және уақытша жұмысқа қабілетсіз болған кезеңде оның міндеттері директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі өзге орынбасарына немесе тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелуі мүмкін. Мұндай жағдайларда міндеттерді уақытша атқару мекеме директорының ҚР Еңбек кодексі талаптарын сақтай отырып, шығарған бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

1.3. Директордың шетел тілдері бойынша орынбасарында жоғары кәсіптік білімі және басқарушылық міндетінен 3 жылдан кем емес еңбек өтілі болуы тиіс.

1.4. Директордың шетел тілдері бойынша орынбасары тікелей мектеп директорына бағынады.

1.5. Директордың шетел тілдері бойынша орынбасарына шетел тілдерінің мұғалімдері және шетел мамандарының қызметкерлері тікелей бағынады.

1.6. Директордың шетел тілдері бойынша орынбасары өз қызметін атқару барысында: ҚР Конституциясы мен Заңдарын, Президент Жарлығын және өз қызметінде оқушыларға білім мен тәрбие беру мәселелері бойынша білім беру ісін басқарушы барлық деңгейдегі органдар шешімдерін, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, сонымен қатар мекеме жарғысы мен жергілікті құқықтық актілерін (оның ішінде Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, осы лауазымдық нұсқаулықты), еңбек шартын (келісім-шарт) директордың бұйрықтарын басшылыққа алады.

Директордың шетел тілдері бойынша орынбасары Бала құқықтары туралы Конвенцияны сақтайды.

2. Функциялары

Директордың шетел тілдері бойынша орынбасары қызметінің негізгі бағыттары:

2.1. Оқу-тәрбие үрдісін (шетел тілінде білім алатын сыныптар үшін) жүйелі ұйымдастыру, осы үрдістің дамуын басқару және бақылау жасау;

2.2. Шетел тілінен беретін педагогтардың білім беру барысын әдістемелік тұрғыдан басқару;

2.3. Оқыту үрдісінде техникалық қауіпсіздік ережесі мен нормасын сақтауды қамтамасыз ету.

2.4. Директордың шетел тілдері бойынша орынбасары инновациялық қызметті іске асыру үшін сыртқы ұйымдармен байланыс орнату.

2.5. Пәндерді шет тілінде оқыту сыныптарында мақсатына сәйкес зерттеу материалдарын әзірлеу.

2.6. Пәндерді шет тілінде оқыту сыныптарында тәжірибелік – эксперименттік қызметін басқару.

3. Лауазымдық міндеттері

Директордың шетел тілдері бойынша орынбасары келесі лауазымдық міндеттер атқарады:

3.1. Тарификация бойынша шетел тілінде оқытылатын педагог мұғалімдерінің және шетел мамандары мен Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс істейтін мұғалімдердің оқу жүктемесінің құжаттарын даярлайды және ұйымдастырады.

3.2. Білім беру үрдісінің сапасын және оқушылардың қорытынды бағаларының объективті түрде қойылуын бақылау; шетел тілінде оқытылатын және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін пән мұғалімдердің өткізген сабақтарына және басқа да іс-шараларға қатысады (аптасына 5 сабақтан кем емес), ол сабақтардың мазмұны мен формасын талдайды, педагогтарға сараптама қорытындысынан хабардар етеді;

3.3. Есеп тапсыратын құжаттардың уақытында сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

3.4. Шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтердің және шетел мамандарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен факультатив және таңдау бойынша курстардың жоспарларының орындалуын, құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді.

3.5. Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылау жасап, сабақтардың кестесін және басқа да оқу қызметінің түрлерін құрады, уақытша жұмысқа жарамсыз мұғалімдердің орнына басқа мұғалімдермен алмастыру, ауыстырылған және босатылған сабақтардың есебін жүргізеді.

3.6. Шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтердің жүйелі түрде сабақтарын әр кезде қадағалап, сабақтарына міндетті түрде қатысады

3.7. Шетел азаматтарының құжаттарының дұрыстығына және сәйкестігін жүйелі бақылауға алады және жауап береді.

3.8. Оқу жылының тоқсанның, жарты жылдықтың қорытындысы бойынша мониторинг жүргізеді.

3.9. Педагогикалық кадрлармен шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтармен әдістемелік жұмыс: инновациялық жаңаруларды жүзеге асыру саласының перспективалық мүмкіндіктері; инновациялық процестерге қатысушылардың инновациялық, зерттеушілік, эксперименттік қызметке дайындығын қадағалайды;

3.10. Оқуға ынталылығы жоғары оқушылармен жұмыс жүргізудің перспективалық жоспарын жасайды.

3.11. Шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтардың және негізгі пәндердің ағылшын тілінде берілетін сабақтарды (математика, физика, химия, биология, информатика пәндері) таңдау бойынша курстар бақылайды.

3.12. Материалды-техникалық базаның сақталуы мен оқу кабинеттерінің, рекреациялардың санитарлық ахуалына жауап береді.

3.13. Шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтарға қатысты сұрақтар болса ата-аналармен оқушылардың оқу-тәрбие үрдісін, сұрақпен келген ата-аналарды (ата-ана орнын алмастырушыны) қабылдайды.

3.14. Білім беру үрдісіне ұсыныстар енгізеді, білім беру мекемесінің педагогикалық кеңес жұмысына қатысады.

3.15. Білім беру мекемесінің педагогикалық және Шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтардың аттестациядан өтуге дайындығына және аттестация жұмысына қатысады.

3.16. Директордың әкімшілік-шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарының қатысуымен шетел тілдеріне берілген оқу кабинеттерін паспорттау ісін дер кезінде және сапалы жүргізуді ұйымдастырады.

3.17. Медицина мекемесінен алынған материалдар негізінде шетел мамандарының мерзімдік медициналық байқаудан өту қажеттігі себебін, яғни факторын көрсете отырып, мезгіл-мезгіл медициналық байқаудан өтіп тұруға тиісті шетел мамандарын медициналық тексеруден өтуін қадағалайды.

3.18. Шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтардың жұмыс уақытын есепке алу табеліне қажетті ақпараттарды ұсынады, білім мекемесінің директордың оқу орынбасарына өткізеді, бұйрықтарға жоба дайындайды.

3.19. Директордың оқу орынбасарымен бірге 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу жұмысын жоспарлайды, ұйымдастырады және талдау жасайды.

3.20. Шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтардың қоғамдық жағдай талабына сай білім беру ұйымдарында, тұрмыста, қоғамдық орындарда тәртіптің әдептік нормаларын сақтайды.

3.21. Ата-аналар үшін шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтардың өз пәндерін оқытудағы ұйымдастыру мәселелері жөнінде ағарту жұмыстарын жүргізеді.

3.22. Директордың шетел тілдері бойынша орынбасары шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтердің оқыту мәселелеріне байланысты педагогикалық кеңестер мен директор жанындағы отырыстардың хаттамаларын дер кезінде жазылыуын жүргізу.

3.23. Шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтердің білім сапасын дамытуға байланысты жұмыс процестеріне қойылатын жалпы талаптар мен оларды бағалау критерийлері әзірлемесін бақылайды.

3.24. Авторлық және шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтердің пәндерінің оқу бағдарламаларының орындалуы мен нәтижелігін бақылайды.

3.25. Шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтердің мұғалімдердің оқуға ынталылығы жоғары оқу орындары мен басқа мекемелер базасында мамандандырылған тәжірибеден өткізуді ұйымдастыру.

3.26. Пәндік олимпиадалардың болуын, жүргізілуін қадағалау.

3.27. Оқушылардың білім сапасы мен шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтердің сыныптарда сабақ өткізілу сапасына мектепшілік бақылау жүргізу жоспары орындалуын қадағалап, сабақтарға қатысады.

3.28. Шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтердің тәжірибелік-эксперименттік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын бақылап, ұйымдастыру.

3.29. Элективті курстарды оқытуға қатысты мектептік білім беру компоненттері оқу жоспарын жасауға, бекітуге.

3.30. Шетел тілінде оқытылатын пәндердің және Халықаралық бакалавриат МҮР бағдарламасымен жұмыс жүргізетін педагогтармен жаңалықтар енгізуді нәтижелі жүзеге асыру бағытында сыртқы байланыс жүйесін ұйымдастырады.

4. Құқықтары

Директордың шетел тілдері бойынша орынбасары өз құзыреті аясында мынадай құқықтарға ие:

4.1. Мұғалімдердің кез келген сабаққа қатысуға (сабақ басталғаннан кейін шұғыл қажеттіліксіз сыныпқа кіру және сабақ кезінде мұғалімге ескерту жасау құқығынсыз).

4.2. Тікелей қол астындағы шетел тілдерінен сабақ беретін қызметкерлерге міндетті түрде орындалуға тиісті өкімдер беруге.

4.3. Оқушыларды оқу процесіне кері ықпал ететін қылықтары үшін білім беру мекемесінің Жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерінде белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартуға.

4.4. Қажет болған жағдайда директордың оқу ісі орынбасарымен келісе отырып сабақ кестесіне өзгерістер енгізуге, бірлескен сабақтар өткізу үшін топтар мен сыныптарды уақытша қосуға.

4.5. Тікелей қол астындағы қызметкерлерге міндетті түрде орындалуға тиісті өкімдер беруге.

4.6.Өз біліктілігін арттыру

5. Жауапкершілігі (шетел тілдері бойынша, шетел мамандары бойынша)

5.1. Білім беру ұйымдарында жарлық пен ереже бойынша себепсіз жұмыстың орындалмауы, білім беру ұйымдарындағы директордың заң бойынша бұйрығын, жергілікті нормативті акт, лауазым міндеті, бекітілген нұсқау, бекітілген ережені орындамау директордың шетел тілдері бойынша орынбасары еңбек құқығының тәртібіне жауап береді. Еңбек құқығын дөрекі бұзушылық болған жағдайда жұмыстан шығарылуы тиіс.

5.2. Тәрбие әдісінде оқушының физикалық және психикалық зорлық, егер де мектеп директорының шетел тілдері бойынша оқушыларға аморальді іс көрсеткен жағдайда ҚР «Білім туралы» Заңы, еңбек кодексі бойынша өз лауазымынан босатылады.

5.3. Өрт сөндіру ережесінің бұзылуы, еңбектің күзеті, мектеп директорының оқу–тәрбие, оқу-әдістемелік жұмысының бұзылуы жағдайында әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

5.4. Мектеп директорының шетел тілдері бойынша орынбасары мектеп қызметкерлерінің міндеттері орындалмаған жағдайда ҚР Еңбек кодексі бойынша жауапкершілікке тартылады.

6. Қарым-қатынас. Лауазымдық байланыс

Директордың шетел тілдері бойынша орынбасары :

6.1. ҚР Еңбек Кодексінің 77-бап, 1-пункт; 82-бап, 2-пунктіне сай білім беру мекемесінің директоры бекіткен кесте бойынша жұмыс жасайды;

6.2. Мектеп директорына әр тоқсан соңында 10 күн аясында өз іс-әрекеті, қызметі бойынша есеп береді. (ауызша немесе жазбаша, көлемі 5 беттен аспау керек)

6.4. Білім беру мекемесінің директорынан нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-әдістемелік іс-шаралар жөнінде ақпарат алады, сәйкес құжаттармен қол қою арқылы танысады;

6.5. Шетел тілінен сабақ беретін мұғалімдерге оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы сұрақтар бойынша білім беру мекемесі директорының бұйрығын таратады;

6.6. Білім беру мекемесі директорының басқа орынбасарларымен, білім беру мекемесінің педагогикалық қызметкерлерімен өз құзіретіне кіретін сұрақтар бойынша жүйелі түрде үнемі ақпаратпен алмасып отырады;

6.7. Білім беру мекемесі директоры уақытша болмаған кезеңде (демалыс, сырқат және т. б.) оның міндеттерін атқарады. Міндеттерді орындау ҚР заңнамасына, білім беру мекемесінің Жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес директордың бұйрығы немесе өкілетті органның басшысының (Білім басқармасы) бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Неке және отбасы туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Арнайы әлеуметтік қызмет туралы", "Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді; педагогика мен психология негіздерін; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын; педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін; еңбек туралы, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын; санитарлық ережелер мен нормаларды.

Қызметтік нұсқаулығыммен таныстым. Екінші дананы қолыма алдым.

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____ К.Т. Кожанова

Мерзімі: «___» _____ 20__ ж.

03-01-15

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

Джылыбаева Зауре Жолдыбаевна

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

1. Жалпы ереже

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық ҚР-ның 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.06.2003ж. №141 бұйрығы мен Педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының тарифтік-біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы барлық сала қызметкерлеріне ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі бекіткен 30.05.2003ж. №119-п бұйрығы, мектептің ұжымдық келісімі, Қаулысы негізінде әзірленді.

1.2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарын мектеп директоры тағайындайды және босатады.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары демалыста және уақытша жұмысқа қабілетсіз болған кезеңде оның міндеттері директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарына немесе тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелуі мүмкін. Мұндай жағдарларда міндеттерді уақытша атқару директордың ҚР Еңбек кодексі талаптарын сақтай отырып, шығарған бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

1.3. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарында жоғары кәсіптік білім және басқарушылық міндетінен 3 жылдан кем емес еңбек өтілі болуы тиіс.

1.4. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары тікелей мектеп директорына бағынады.

1.5. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына педагогикалық қызметкерлер тікелей бағынады.

1.6. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары өз қызметін атқару барысында: ҚР Конституциясы мен Заңдарын, Президент Жарлығын және өз қызметінде оқушыларға білім мен тәрбие беру мәселелері бойынша білім беру ісін басқарушы барлық деңгейдегі органдар шешімдерін, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, сонымен қатар мектеп жарғысы мен жергілікті құқықтық актілерін (оның ішінде Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, осы лауазымдық нұсқаулықты), еңбек шартын директордың бұйрықтарын басшылыққа алады.

Директордың орынбасары Бала құқықтары туралы Конвенцияны сақтайды.

2. Функциялары

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметінің негізгі бағыттары:

2.1. Оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастырып, осы үрдістің дамуын басқару және бақылау жасау;

2.2. Педагогтардың білім беру барысын әдістемелік тұрғыдан басқару;

2.3. Оқыту үрдісінде техникалық қауіпсіздік ережесі мен нормаларын сақтауды қамтамасыз ету.

3. Лауазымдық міндеттері

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары келесі лауазымдық міндеттерді атқарады:

3.1. Тарификация бойынша және педагог қызметкерлерінің оқу жүктемесінің құжаттарын даярлайды және ұйымдастырады.

3.2. Білім беру үрдісінің сапасын және оқушылардың қорытынды бағаларының объективті түрде қойылуын бақылау; мұғалімдердің өткізген сабақтарына және басқа да іс-шараларға қатысады (аптасына 5 сабақтан кем емес), ол сабақтардың мазмұны мен формасын талдайды, педагогтарға сараптама қорытындысынан хабардар етеді;

3.3. Есеп тапсыратын құжаттардың уақытында сапалы орындалуын қамтамасыз етеді (ОШ-1 және басқалар);

3.4. Педагогтардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен факультатив және таңдау бойынша курстардың жоспарларының орындалуын, құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді.

3.5. Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылау жасап, сабақтардың кестесін және басқа да оқу қызметінің түрлерін құрады, уақытша жұмысқа жарамсыз мұғалімдердің орнына басқа мұғалімдермен алмастыру, ауыстырылған және босатылған сабақтардың есебін жүргізеді.

3.6. 9-сынып оқушыларының қорытынды аттестациялауды өткізу, 11-сыныптарды ҰБТ және аралық аттестацияның сапалы және уақытында өтуін бақылайды.

3.7. Құжаттардың (сынып журналдары, оқушылардың жеке іс-құжаттары, үлгерім табельдері, нормативтік құжаттар) жүйелі бақылауға алады және жауап береді.

3.8. Оқу жылының тоқсанның, жарты жылдықтың қорытындысы бойынша мониторинг жүргізеді.

3.9. Жеке бағдарлама бойынша үйде білім алатын оқушыларға білім беру барысын бақылайды, ұйымдастырады.

3.10. Мүмкіндігі шектеулі, дамуы кеш жетілген оқушылардың білім алуын қадағалайды және ұйымдастырады ПМПКмен байланыс жасайды.

3.11. Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша, таңдау бойынша курстар бақылайды.

3.12. Ата-аналар мен оқушылардың оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырады, ата-аналарды қабылдайды.

3.13. Білім беру үрдісіне ұсыныстар енгізеді, мектептің педагогикалық кеңес жұмысына қатысады.

3.14. Мектептің педагогикалық және басқа қызметкерлерінің аттестациядан өтуге дайындығына және аттестация жұмысына қатысады.

3.15. Директордың әкімшілік-шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарының қатысуымен оқу кабинеттерін, шеберханаларды, спорт залын, сондай-ақ қосалқы орын-жайларды паспорттау ісін дер кезінде және сапалы жүргізуді ұйымдастырады.

3.16. Медицина мекемесінен алынған материалдар негізінде мерзімдік медициналық байқаудан өту қажеттігі себебін, яғни факторын көрсете отырып, мезгіл-мезгіл медициналық байқаудан өтіп тұруға тиісті тұлғалардың тізімін жасайды.

3.17. Педагог қызметкерлердің және оқу-көмекші құрамның жұмыс уақытын есепке алу табелін, еңбекақы алу табелін жүргізеді, қолын қояды және мектеп директорына өткізеді, бұйрықтарға жоба дайындайды.

3.18. 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу жұмысын жоспарлайды, ұйымдастырады және талдау жасайды.

3.19. Педагогтың қоғамдық жағдай талабына сай мектепте, тұрмыста, қоғамдық орындарда тәртіптің әдептік нормаларын сақтайды.

4. Құқықтары

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары өз құзыреті аясында мынадай құқықтарға ие:

4.1. Мектепте кез келген сабаққа қатысуға (сабақ басталғаннан кейіншұғыл қажеттіліксіз сыныпқа кіру және сабақ кезінде мұғалімге ескерту жасау құқығынсыз).

4.2. Тікелей қол астындаға қызметкерлерге міндетті түрде орындалуға тиісті өкімдер беруге.

4.3. Оқушыларды оқу процесіне кері ықпал ететін қылықтары үшін мектептің Жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерінде белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартуға.

4.4. Қажет болған жағдайда сабақ кестесіне өзгерістер енгізуге, бірлескен сабақтар өткізу үшін топтар мен сыныптарды уақытша қосуға.

5. Жауапкершілігі

Мектепте жарлық пен ереже бойынша себепсіз жұмыстың орындалмауы, мектеп директорының заң бойынша бұйрығын, жергілікті нормативті акт, лауазым міндеті, бекітілген нұсқау, бекітілген ережені орындамау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары еңбек құқығының тәртібіне жауап береді. Еңбек құқығын дөрекі бұзушылық болған жағдайда жұмыстан шығарылуы тиіс.

5.2. Тәрбие әдісінде оқушының физикалық және психикалық зорлық, егер де мектеп директорының оқу әдістеме жұмысы бойынша оқушыларға аморальді іс көрсеткен жағдайда ҚР «Білім туралы» Заңы, Еңбек кодексі бойынша өз лауазымынан босатылады.

5.3. Өрт сөндіру ережесінің бұзылуы, еңбектің күзеті, мектеп директорының оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік жұмысының бұзылуы жағдайында әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

5.4. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары мектеп қызметкерлерінің міндеттерін орындалмаған жағдайда ҚР Еңбек кодексі бойынша жауапкершілікке тартылады.

6. Қарым-қатынас. Лауазымдық байланыс

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

6.1. Мектеп директоры бекіткен кесте бойынша жұмыс жасайды;

6.2. Мектеп директорына әр тоқсан соңында 10 күн аясында өз іс-әрекеті, қызметі бойынша есеп береді (ауызша немесе жазбаша, көлемі 5 беттен аспау керек).

6.3. Мектеп директорынан нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-әдістемелік іс-шаралар жөнінде ақпарат алады, сәйкес құжаттармен қол қою арқылы танысады;

6.4. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы сұрақтар бойынша мектеп директорының бұйрығын таратады;

6.5. Мектеп директорының басқа орынбасарларымен, мектептің педагогикалық қызметкерлерімен өз құзіретіне кіретін сұрақтар бойынша жүйелі түрде үнемі ақпаратпен алмасып отырады;

6.6. Мектеп директоры уақытша болмаған кезеңде (демалыс, сырқат және т.б.) оның міндеттерін атқарады. Міндеттерді орындау ҚР заңнамасына, мектеп Жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес директордың бұйрығы немесе өкілетті органның басшысының (Білім басқармасы) бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Білуге міндетті:

ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы», ҚР «Бала құқықтары туралы», ҚР «Тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке және отбасы туралы», ҚР «Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік-құқықтық актілерді; педагогика мен психология негіздерін; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын; педагогиканы, медициналық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін; еңбек туралы, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғандың ережелері мен нормаларын; санитарлық ережелер мен нормаларды.

Қызметтік нұсқаулығымен таныстым. Екінші дананы қолыма алдым.

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____ З.Ж. Джилыбаева

Мерзімі: «_____» _____ 20__ ж

03-01-15

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары

Бәйімбетова Айнұр Аманқызы

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы N 251-III Еңбек кодексі, ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» N 338 бұйрығы, ҚР - ның 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» N 319 заңы, жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелері және жергілікті нормативтік актілер негізінде жасалды.

1.2 Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасарын аудандық білім беру бөлімі келісімімен, кәсіподақ уәждемелі пікірін ескере отырып, директор тағайындайды және босатады.

1.3 Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары демалыста және уақытша жұмысқа қабілетсіз болған кезеңде оның міндеттері директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына немесе ақпараттық- математикалық цикл кафедрасындағы неғұрлым тәжірибелі педагогтардың біріне жүктелуі мүмкін. Мұндай жағдайларда міндеттерді уақытша атқару директорының ҚР Еңбек кодексі талаптарын сақтай отырып шығарған бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

1.4 Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасарында жоғары педагогикалық білім және 3 жылдан кем емес педагогикалық жұмыс стажы болуы шарт, сондай-ақ технология саласы мен қауіпсіздік техникасы бойынша тиісінше тәжірибесі болуы қажет.

1.5 Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасарына педагогикалық қызметкерлер мен оқушылар тікелей бағынады.

1.6 Білуге міндетті:

- ҚР Конституциясын.

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулер туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және

медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы», «Кәмелетке толмағандарға арасындағы құқық бұзушылардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдарын және басқа да білім беру ісін дамыту бағыттары мен перспективаларын айқындайтын нормативтік құқықтық актілері.

- Педагогика мен психология негіздерін.
- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын.
- Педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін.
- Менеджмент, қаржы – шаруашылық қызметі негіздерін, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормалары.
- Санитарлық ережелер мен нормаларды.
- ҚР Еңбек кодексін.
- Ғылым мен техниканың заманауи жетістіктерін.
- Бағдарламалық – әдістемелік құжаттамаларды.

Сондай - ақ, директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары өз қызметінде оқушыларға білім мен тәрбие беру мәселелері бойынша білім беру ісі басқарушы барлық деңгейдегі органдар шешімдерін, сондай-ақ жарғысы мен жергілікті құқықтық актілерін (оның ішінде Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, осы лауазымдық нұсқаулықты), еңбек шартын (келісім – шарт) басшылыққа алады. Бала құқықтары туралы Конвенцияны сақтайды.

1.7 Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары компьютерді және басқа да ақпараттық – коммуникациялық технологиялар мен ғаламдық Internet желісін қолдануда тиімді тәсілдерді меңгеруі, ғаламдық желідегі тәртіп этикетін және авторлық құқықтар туралы заңнаманың негізгі ережелерін білуі тиіс.

2. Функциялар

Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары атқаратын негізгі қызмет бағыттары мыналар болып табылады:

2.1 Оқу-тәрбие процесін жүйелі ұйымдастыру және оны жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелеріне, ҚР заңнамасына сәйкес басқару.

2.2. Өз құзыреті шегінде кезекші мұғалімге, кафедралар мен әдістемелік бірлестіктер меңгерушілеріне өкілеттік беру.

2.3. компьютерлік желісін әкімшіліктендіру.

2.4. инновациялық білім беру моделін қалыптастыру.

2.5. Ақпараттандырудың ресурстық базасын барлық аспектілері бойынша дамыту.

2.6. Ақпараттық - математикалық цикл пәндері бойынша оқу – тәрбие процесін басқару.

2.7. Ақпараттық – математикалық цикл кафедрасының тәжірибелік – эксперименттік қызметін басқару.

2.8. Ақпараттық – математикалық цикл кафедрасы мақсаттарына сәйкес зерттеу материалдарын әзірлеу.

3. Лауазымдық міндеттері

Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары мынадай лауазымдық міндеттерін атқарады:

3.1. Талдайды:

- ақпараттандырылу жағдайы мен перспективалық мүмкіндіктері;
- ақпараттық – коммуникациялық технологияларының жағдайы және оларды перспективада пайдалану мүмкіндігін;
- ұжымның компьютерге деген өскелең талап-тілектерін;
- жетекшілік ететін ауысымдағы білім беру жағдайларының жай-күйін;
- ұжымның мектеп бітірушілерді бірыңғай ұлттық тестілеуге дайындау жөніндегі қызметін;
- ақпараттық - математикалық цикл кафедрасы мұғалімдері қызметінің жағдайын және нәтижелілігінің;
- ақпараттық – математикалық цикл кафедрасы мұғалімдерінің кәсіби біліктілік деңгейін;
- ақпараттық – математикалық цикл кафедрасы мұғалімдері оқу әдістемелік жұмыстарының жағдайын;
- оқушылардың ақпараттық – математикалық цикл пәндері бойынша білім деңгейінің анықтау мақсатында осы саладағы білім беру процессін;

3.2. Болжам жасайды:

- күнделікті қызметіне технологиялық жаңалықтар ендіру нәтижелілігіне;
- оқушыларды ақпараттық – математикалық цикл пәндері бойынша оқытудың нәтижелеріне.

3.3. Әзірлейді және белгілейді:

- өз міндеттеріне сәйкес бойынша бұйрықтар мен өкімдерді;
- өз жұмысының перспективалық және ағымдағы жоспарларын;
- есеп беру құжаттарын.
- өзі жетекшілік ететін ауысымға арнап оқу сабақтары, сондай - ақ оқыту қызметінің басқа да түрлері, ұпай факультативтер мен үйірмелер бойынша «СанПиНомға» және өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес сабақ кестесін;
- оқып – үйренуге ынтасы жоғары оқушылармен жұмыс жүргізудің перспективалық жоспарын;
- директордың оқу ісі және бейінді оқыту жөніндегі орынбасарларымен, кафедралар, әдістемелік бірлестіктер меңгерушілерімен бірге мектеп бітірушілер бірыңғай ұлттық тест тапсыруға дайындығы бағалау жүйесін;
- кафедралар әдістемелік бірлестіктер меңгерушілермен бірге бірыңғай ұлттық тестілеуге дайындық әдістемелік жұмыстардың жоспарын;
- дамытудың жекелеген фрагменттерің, өзге де стратегиялық құжаттарды.
- ақпараттандырудың перспективалық жоспарын
- оқу процессінде мультимедианы қолданудың әдістемелік негіздерін
- ақпараттық ресурстарға қол жеткізу деңгейлерін және ережелерін;
- оқу – тәрбие процесінің нақты міндеттерін шешуге байланысты ақпараттық – коммуникациялық технологияларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

3.4. Жоспарлайды және ұйымдастырады:

- медиатекалардың тиімді пайдалануына; жанынан ақпараттандыру жөнінде тұрақты кеңес құрады;
- ақпараттандыру технологиялар базасында жобалау қызметін;
- білім беру процесіне қатысушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға байланысты жұмыстарды;

- қызметкерлерін компьютерлік сауаттылыққа үйретуді;
- оқушылары мен қызметкерлерін оқытудың дистанциялық формасын (қашықтан оқыту әдісін); оларға көмек көрсетуді, кеңес беруді;
- мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияларға үйретуді; бұл салада оқыту ісін дербес жүргізуге, консультациялық қызмет көрсетуге қабілетті мамандар даярлауды;
- уақытша ғылыми ұжымдар жасақтауды және олармен жұмыс жүргізуді;
- компьютерлік техникаларды жөндеуін, ретке келтіруін қадағалау;
- оқушылар мен мұғалімдердің мультимедиалық техникаларды пайдалана отырып пікір сайыстарын, бейнелі конференциялар, олимпиадалар, форумдар, мәжілістер, педагогикалық кеңестер т.б. өткізу жөніндегі жұмыс жобаларын;
- аударма емтихандарына, аралық мемлекеттік байқауға және бірінғай ұлттық тестілеуге дайындалу, оларды өткізу жөніндегі жұмыстарды;
- өзі жетекшілік ететін ауысымда оқу процесін қамтамасыз ететін кафедралар, әдістемелік бірлестіктер жұмысын;
- аттестаттауға, материалдар, әзірледі;
- ақпараттық – математикалық цикл пәндері мұғалімдердің біліктігін арттыру жөніндегі жұмыстарды;
- ақпараттық – математикалық цикл пәндері бойынша бақылау және тексеру жұмыстардың;
- Директордың оқу ісі жөніндегі өзге орынбасарлармен бірге оқушылардың техникалық творчествосын;
- Өзі жетекшілік ететін ауысымда мұғалімдердің бойынша кезекшілігін.

3.5. Қамтамсыз етеді:

- Қызметкерлердің дер кезінде тарифтелуін;
- Қызметкерлерінің уақытша еңбекке жарамсыздық парақтармен жалақы табельдерін ресімдеуді;
- Қалып кеткен және ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналының жүргізілуін;
- Өзі жетекшілік ететін ауысымда уақытша келмей қалған мұғалімдер сабақтарының дер кезде және сапалы өткізілуі;
- Білім беру процессі мен басқаруға қажетті бағдарламалық өнімдермен;
- Техникалар мен желілердің үзіліссіз жұмыс істеуіне тиісті жағдай жасалуын;
- Өзі жетекшілік ететін ауысымдағы мұғалімдер мен оқушылардың санитарлық – ағарту, медициналық қызмет көрсету жұмыстары бойынша медицина қызметкерлерімен өзара байланысын;
- Мұғалімдердің жалпы жұмысын, олардың ақпараттық – математикалық цикл пәндері бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларын орындалуын;

3.6. Басқарады:

- мұғалімдер мен оқушылардың өскелең талаптарын ескере отырып, ақпараттық ресурстарды жүйелеу мен каталог жасау ісін;
- кадрлар, оқушылар, транспорт, әдістемелік материалдар, әлеуметтік, әкімшілік, әкімшілік – шаруашылық, бірыңғай ұлттық тестілеу мәселелеріне қатысты мәлімет базаларын жүргізу;

- ұйымды - құқықтық және қаржы – шаруашылығы қызметіне – мемлекеттік тапсырыс жүйесіне, құжат айналымына, зейнетақы қорына, автоматтандырылған кітапханалық – ақпараттық желіге және т.б. байланысты жұмыстарды бухгалтерлік бағдарламалармен және арнайы бағдарламалармен қамтамсыз ету ісін;

- білімнің бақылануын ұйымдастыру, пәндер бойынша сабақ өткізуге көмектесу бағытында атқарылатын жұмыстарды бағдарламалармен, басқарудың автоматтандырылған жүйесімен, қолданбалы және жүйелік бағдарламалармен қамтамсыз етуді;

- қызметкерлерін ақпараттық технологияларда дербес жұмыс жүргізуге үйрету және соңынан оларға өкілдік беру ісін.

3.7. Бақылайды

- медиатекасы бар;
- ақпараттық - математикалық цикл кафедрасы жұмысын, арнайы курстар, таңдап алынған пәндер бойынша жұмыстарды;

- өзі жетекшілік ететін цикл пәндері бойынша оқуға ынталы балалармен жүргізілетін жұмыстарды;

- өзі жетекшілік ететін ауысымдағы оқушылардың оқу жүктемелерін;

- өзі жетекшілік ететін цикл пәндерден білім беру процесінің сапасын және оқушылардың сол пәндерден даярлықтарын бағалаудағы объективтілікті қадағалап, сабақтарға, үйірмелерге жұмысына (оқу жылында 150 – 180 – нен кем емес) қатысады;

- аралық мемлекеттегі бақылауға және бірыңғай ұлттық тестілеуге дайындық сапасын;

- ақпараттық – математикалық цикл пәндері мұғалімдерін курстық қайта даярлау жоспарының орындалуы;

- құжаттамалардың дұрыс жүргізілуін, құжаттамалардың дұрыс жүргізілуін, құжаттауды жүргізу процесін;

- Өзі жетекшілік ететін пәндер бойынша оқушылардың күнделіктер мен дәптерлерін дұрыс толтыруын, сынып журналдарың жүргізілуін;

- өзі жетекшілік ететін ауысымдағы оқушыларға медициналық қызмет көрсету жайын;

- оқушыларға ыстық тамақ ұйымдастырылуын.

3.8. Үйлестіреді, көмектеседі:

- барлық ақпараттық кеңістігі компоненттерін және олардың өзара толыққанды байланысын;

- мультимедиалық технологияларды пайдаланудың медициналық – психологиялық салдарын ескере отырып, оқу – тәрбие процесіне мультимедианы қолдану жұмыстарын;

- оқушылардың дербес білім алу қызметін негізге алатын инновациялық білім беру моделін қалыптастыруға;

- білім беру және ақпараттық технологиялар үздік үлгілерін таратуға;

- оқу процесінде ғылыми – ақпараттық технологиялардың белсенді түрде пайдаланатын мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету бағытында;

- өзге процестерімен ақпараттық тұрғыдан өзара байланысты;

- компьютерлерді жаңалау кезінде мұғалімдерге және әкімшілікке жаңа бағдарламалық құралдарды орнату, сабақ өткізу уақытында және сабақтан тыс

кездері Интернет арналарына қол жеткізілімді қамтамасыз етуге байланысты техникалық жәрдем береді;

- ғаламдық ақпарат кеңістігіне шығаруға.

3.9. Бағалайды, сараптайды:

• құжаттар құндылығын, оларды ведомстволық мұрағатта одан әрі сақтау және пайдалану үшін іріктеу мақсатында;

• өз міндеттеріне сәйкес стратегиялық құжаттарын (оқу жоспары, білім беру бағдарламалары, дамыту тұжырымдамасы мен бағдарламасын);

• өзі жетекшілік ететін пәндер бойынша 1 – 11 сыныптардағы білім сапасын және сабақ өткізілу жағдайын;

• алдында тұрған көкейкесті міндеттерді және ақпараттық- коммуникациялық технология саласындағы білім беру ісінің жай-күйін;

- электрондық ресурстарын.

3.10. Кеңес береді:

• Әкімшілікке, мұғалімдер мен оқушыларға ақпараттық және бағдарламалық құралдарды практикада қолдану жөніне;

• Мұғалімдерге оқушылардың білім сапасына көп деңгейлі тестілеу негізінде бақылау жасау жөнінде.

3.11. Редакцияларды, түзету ендіреді:

• мұғалімдердің оқушыларды бірыңғай ұлттық тестілеуге даярлау жөніндегі жұмыстарына;

• дамуы жайлы, өзі жетекшілік ететін пәндер бойынша зерттеулер, эксперименттер нәтижесі туралы баспаға дайындалған материалдарды.

3.12. Хабардар етеді:

- ұжымды білім беру ісін ақпараттандыру мәселелері бойынша;

- ұжымды әкімшілік – шаруашылық мәселелері бойынша;

• ұжымды оқушылар білімі сапасы мен сабақ беру сапасын мектепшілік бақылау жоспарының орындалуы туралы.

3.13. Тыйым салады:

• типтік тізбелерді қарастырылмаған химиялық реакторларды, оқу жабдықтары мен приборларды, соның ішінде тиісті акті – рұқсатнамасыз шеберханаларға, оқу орын – жайларына, т.б. жерлерге қолдан жасалып қойылған заттарды пайдалануға;

• оқушылар мен қызметкерлер денсаулығына қауіп тудыратын жағдайлар пайда болған орын – жағдайларында білім беру процессінің жүргізілуіне.

3.14. Қатысады:

- Педагогикалық кеңестер жұмысына;

• Жоғары орындар ұйымдастырып, өткізетін кеңестер, семинарлар, конференциялар, тренингтер жұмысына, дөңгелек стол отырыстарына және басқа шараларға;

- Білім беру қызметіне деген әлеуметтік тапсырыстарды зерттеуге;

- Жоғары сынып оқушыларының білім сапасын бағалау байқауын өткізуге;

• Аралық мемлекеттік бақылауға, бітіру емтихандары мен біріңғай ұлттық тестілеуге дайындық пен оларды өткізуге байланысты педагогикалық озат тәжірибелерді насихаттау және қорыту ісіне;

- оқышылар контингентін жасақтауға;

- педагогтары мен басқа да қызметкерлерін аттестаттауға әзірлеу және оны өткізу ісіне.

3.15. Жетекшілік етеді:

- Ақпараттық – математикалық цикл кафедрасының жұмысына;

4. Құқықтары

Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары өз күзіреті аясында мыналарға құқылы;

4.1. директоры уақытша болмаған кезеңде (демалыс, сырқат және т.б.) оның міндеттерін атқаруға;

Міндеттерді орындау ҚР заңнамасына, жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес директордың бұйрығы жүзеге асырылады.

4.2. Тікелей қол астындағы қызметкерлерге міндетті түрде орындалуға тиісті орындалуға тиісті өкімдер берілді.

4.3. Оқушыларымен өткізілетін кез келген сабаққа қатысуға (сабақ басталғаннан кейін шұғыл қажеттіліксіз сыныпқа кіру және сабақ кезінде мұғалімге ескерту жасау құқығынсыз).

4.4. Оқушыларды оқу процесіне кері ықпал ететін қылықтары үшін жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерінде белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартуға.

4.5. Қажет болған жағдайда сабақ кестесіне өзгерістер енгізуге, бірлескен сабақтар өткізу үшін топтар мен сыныптарды уақытша қосуға.

4.6. Түрлі бөлімшелеріне, қызмет орындары мен жекелеген қызметкерлеріне тән жұмыс құжаттамаларын (ережелер, жоспарлар, бағдарламалары, жұмыс материалдары, бақылау жұмыстары және т.б.) бақылау және түзету енгізу үшін сұратуға.

4.7. Қызметкерлерін марапатқа (наградаға) және құрметті атақтарға ұсыну жөнінде директордың қарауына мәселе қоюға.

4.8. Қызметкерлерінен тәрбие, білім беру, эксперименттік, зертеу және шаруашылық қызметінің технологияларын, кәсіптік этика нормалары мен талаптарын сақтауды, мектеп қауымдастығы қабылдаған жоспарлармен мен бағдарламаларды (міндетті және инновациялық сипаттағы) орындауды талап етуге.

4.9. Оқушылар конингентін жасақтау ісіне атсалысуға.

4.10. Өз біліктілігін арттыруға.

5. Жауапкершілігі

Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, директорыныңзанды бұйрықтары мен өкімдерін және өзге де жергілікті нормативтік актілерді, осы нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерді, дәлелді себептерсіз орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны, оның ішінде өзіне берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары еңбек заңнамасында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Еңбек міндеттерін өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жаза ретінде лауазымынан төмендетілуі немесе босатылуы мүмкін.

6. Өзара қарым-қатынас және лауазымы бойынша байланыстар

6.1. Өзара әрекеттестікке жұмыс жүргізеді:

- Педагогикалық кеңесімен;
- Директордың орынбасарларымен;
- Мұғалімдермен;
- Тің медициналық, әлеуметтік және психологиялық қызмет орындарымен;
- Есепшімен;
- Хатшы, іс қағаздарын жүргізушімен;
- Кітапхана меңгерушісімен.

6.2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен, директордың тәрбие жөніндегі орынбасарымен, кафедралардың және әдістеме бірлестіктерінің жүйелі түрде ақпарат алмасып отырады.

6.3. Сағаттық жұмыс аптасы бойынша жасалған кестеге сәйкес нормаланбаған жұмыс режимінде еңбек етеді.

6.4. Өз жұмысын әр оқу жылы мен оқу тоқсанына арнап, жоғары тұрған орындар жоспарларына қарай дербес жоспарлайды.

6.5. Директорға қажетті ақпараттық және есеп беру құжаттамаларын уақытылы ұсынып отырады.

6.6. Директорынан нормативтік-құқықтық және ұйымдық-әдістемелік сипатта ақпараттар алады, тиісті құжаттармен қол қоя отырып танысады.

6.7. Қызметкерлеріне жүйелі түрде олардың құзырына кіретін білім беру қызметі мәселелері бойынша ақпараттар беріп отырады.

6.8. Директорға оқушылар мен қызметкерлердің өміріне, денсаулығына қатысты орын алған барлық төтенше жағдайлар жайлы хабардар етіп отырады.

Қызметтік нұсқаулықпен таныстым және екінші данасын алдым

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____ А.А.Бәйімбетова

Мерзімі: «_____» _____ 20__ ж.

03-01-15

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

Дүйсетаева Жанна Акылбековна

**Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі
орынбасарының лауазымдық нұсқаулығы**

1. Жалпы ереже

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық ҚР-ның 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.06.2003ж. №141 бұйрығы мен Педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының тарифтік-біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы барлық сала қызметкерлеріне ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі бекіткен 30.05.2003ж. №119-п бұйрығы, мектептің ұжымдық келісімі, Қаулысы негізінде әзірленді.

1.2. Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасарын мектеп директоры тағайындайды және қызметтен босатады.

Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары кезекті демалыста немесе уақытша еңбекке жарамсыз жағдайда міндетін – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктеледі. Уақытша жүктелген міндет мектеп директорының бұйрығымен, еңбек кодексі арқылы жүзеге асырылады.

1.3. Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары жоғары кәсіпті білімі бар кем дегенде 3 жыл педагогикалық өтілі немесе басқару қызметі болу керек.

1.4. Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары мектеп директорына бағынады.

1.5. Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасарына мектептің педагогикалық қызметкерлері бағынады.

1.6. Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары өзінің жұмысында ҚР Конституциясына, ҚР заңнамасына, Президент Жарлығына және білім саласындағы басшылар білім алушылардың тәртібімен білім туралы сұрағына: еңбек қорғау ережелері мен қағидалары, қауіпсіздік ережелерін сақтауға білім саласының басшыларының жарлығына сүйенеді (берілген нұсқаулық директордың ішкі тәртібі бойынша бұйрығы мен жарлығы еңбек келісім шарты. Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары Балалар туралы конвенцияны ұстанады).

2. Функциялары

Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасарының атқаратын қызметі:

2.1. Мектепте оқу-тәрбие үрдісін басқарады және қадағалайды;

2.2. Мектепте педагогтар ұжымына әдістемелік тұрғыдан көмек көрсетеді және басқарады;

2.3. Мектепте оқу үрдісін қағидаларын және техникалық қауіпсіздік ережелерді сақтауды қамтамасыз етеді;

3. Қызметтік міндеттері:

Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасарына төмендегідей міндеттер жүктеледі:

- іс қағаз жүргізудің негізгі ережелерін;

- құрылымын;

- бір ізге түсірілген ұйымдық-өкімдік құжаттамалар жүйесі стандарттарын;

- қызмет бабындағы құжаттар мен материалдардың өтуін бақылау тәртібін;

- еңбекті ұйымдастыру негіздерін;

- есептеу техникасын пайдалану ережелерін;

- ҚР Еңбек кодексі негіздерін;

- Ішкі еңбек тәртібі ережелерін;

- еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын.

2. Лауазымдық міндеттері

Хатшы мынадай міндеттерді атқарады:

2.1. директоры мен оның орынбасарлары үшін қызметкерлерден мәліметтер алады, директордың тапсырмасы бойынша қызметкерлері мен оқушыларын шақырады;

2.2. Директорының телефон арқылы сөйлесулерін ұйымдастырады;

2.3. Телефонограммалар қабылдайды және жөнелтеді, директоры орнында жоқ кезде хабарламаларды жзып алады және бұл туралы директорды хабардар етеді;

2.4. Қызметкерлерінің жалпы жиналыстарын, педагогикалық кеңестің, қайырымдылық кеңесінің отырыстарын, сондай-ақ директоры өткізетін мәжілістерді дайындау (қажетті материалдарды жинау, қатысушыларға кеңестердің өтетін уақыттарын, орындарын, күн тәртібін хабарлау және оларды тіркеу) жұмыстарын жүзеге асырады;

2.5. Директорының кеңсе заттарымен, ұйымдастыру техникасы құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалайды, директоры жұмысының атқарылуына жағдай жасайды;

2.6. Сөйлесу құрылғылары арқылы ақпараттар береді және қабылдайды;

2.7. Директорының нұсқауы бойынша әртүрлі құжаттар мен материалдар басып дайындайды;

2.8. Іс қағаздарын жүргізеді; бекітілген номенклатураға сәйкес істерді жасақтайды, олардың сақталуын және белгіленген уақытта мұрағатқа тапсырылуын қамтамасыз етеді;

2.9. Директоры атына келіп түскен кіріс құжаттарды қабылдайды, оларды тиісті орындарына қарай жүйелейді және директор қарап шыққан соң, оларды жұмыс процесінде қолдану үшін немесе жауап жазу үшін нақты орындаушыларға береді, директор тапсырмаларының бақылауға алынған орындалу мерзімін қадағалайды, тіркеу карточкасын ресімдейді немесе деректер қорын жасайды, шығыс құжаттарды жөнелтеді;

2.10. Қызметкерлерді, оқушылар мен ата-аналардың (оларды алмастыратын тұлғалардың) жеке өтініштерін, директорына қол қоюға берілетін құжаттарды қабылдайды;

2.11. Келушілерді қабылдауды ұйымдастырады, қызметкерлер өтініштері мен ұсыныстарының оперативті қаралуына көмектеседі;

2.12. құқықтық материалдардың өтуін есепке алу картотекасын жүргізеді, олардың орындалуына бақылау жасайды, тіркелген құжаттар бойынша тиісінше анықтамалар береді;

2.13. Орындалған құжаттарды адресаттарға жолдайды;

2.14. Алынған және жіберілген құжаттар есебін жүргізеді, ағымдағы мұрағат құжаттарын сақтайды;

3. Құқығы

Хатшы мыналарға құқылы:

3.1. Қызметкерлерінен, қажет болған жағдайда әкімшіліктен де керекті ақпараттар мен материалдар, сондай-ақ бақылауда тұрған тапсырмаларды орындаудың кешігу себептері туралы түсінік сұратуға.

3.2. Қызметкерлерді әкімшілігі тапсырмасын орындау ісіне тартуға.

3.3. Құжат түзу мен ресімдеудің белгіленген ережелеріне сай әзірленбеген құжаттарды қайта жөндеп, аяқтау туралы орындаушысынан талап етуге.

3.4. Басқару қызметіне байланысты құжаттардың жобаларына виза қоюға.

3.5. Әкімшілігінің қарауына ұйымдық және есептеу техникалары құралдарын қолдана отырып құжаттармен жұмыс жүргізу ісін жақсарту, басқару қызметінің формалары мен әдістерін жетілдіру бағытында ұсыныстар ендіруге.

4. Жауапкершілігі

4.1. Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, директорының заңды өкімдерін, өзге де жергілікті нормативтік актілерді, осы нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерді дәлелсіз себептермен орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін хатшы еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

4.2. Өз лауазымдық қызметін атқару (атқармау) кезінде келтірген залалы немесе оқу процесіне қатысушыларға тигізген зияны үшін хатшы еңбек және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады.

5. Лауазымы бойынша өзара қарым-қатынас, байланыс

Хатшы:

5.1. Сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған график бойынша, нормаланбаған жұмыс күні режимінде жұмыс істейді.

5.2. Өз қызметін атқару процесінде педагогикалық, әкімшілік және қызмет көрсетуші персоналдармен кеңесінің, педагогикалық және қайырымдылық кеңестерінің мәжілістеріне қажетті ақпараттар дайындау және ұсыну, құрылтайшысы тапсырмаларының, әкімшілігі бұйрықтары мен өкімдерінің орындалуын; кадрлық, қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру мәселелері бойынша өзара бірлесіп әрекет етеді.

Қызметтік нұсқаулықпен таныстым және екінші данасын алдым

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____

Мерзімі: « ____ » _____ 20 ____ ж.

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

Мұрағатшының лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1.1. ҚР халықты әлеуметтік қорғау және еңбек министрінің 30.05.2003ж. №119 бұйрығымен бекіткен мектептің ұжымдық шарты, жарғысы негізінде әзірленген мемлекеттік мамандарының тарифтік-біліктілік сипаттамасы негізінде дайындалған лауазымдық нұсқаулығы.

1.2. Мұрағатшы мектеп директорының бұйрығымен жұмысқа алынады және босатылады. Мұрағатшы лауазымына кәсіби білімі бар, жұмыс өтілінсіз, арнайы дайындықсыз тұлға тағайындалады.

1.3. Мұрағатшы тікелей мектеп директорына бағынады.

1.4. Мұрағатшы өзінің лауазымдық міндеттерін орындағанда нормативті құжаттар мен іс жүргізуге қатысты құжаттар, бұйрықтар, қаулылар, еңбек туралы заңнамалар ұйымдастыру-басқарушы құжаттар жүйесінің стандарттары, еңбек кітапшасын жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық, орфография және тыныс белгілерінің ережелері, еңбекті қорғау нормалары мен ережелері, қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы ережелер, өндірістік, сонымен қатар ішкі еңбек ережелері мен мектеп жарғысы және осы нұсқаулықты басшылыққа алады.

2. Лауазымдық міндеттері

2.1. Мұрағат ісін жүргізеді.

2.2. Мұрағатқа түскен құжаттардың сақталуы мен бүлінбеуіне жауап береді. Іс жүргізуші аяқтаған мектептің құрылымдарынан түскен құжаттарды тіркейді.

2.3. Істер номенклатурасын әзірлеуге қатысады, мұрағатқа өткізуде дұрыс рәсімделгенін тексереді.

2.4. Ережелерге сәйкес іс-құжаттарды есепке алады, жүйелейді, орналастырады.

2.5. Уақытша және тұрақты сақталатын бірліктердің тізімдерін дайындайды. Сонымен қатар мемлекеттік сақтауға құжаттарды беру үшін актілер дайындайды, сақталу мерзімі аяқталған материалдарды есептен шығарады және жояды.

2.6. Тез іздеп табуды қамтамасыз ететін құжаттар бойынша анықтама құру жұмысын жүргізеді.

2.7. Құжаттардың дұрыс сақталуы үшін қажетті жағдай жасайды, құжаттардың жағдайын қарайды.

2.8. Мұрағат ғимаратында өртке қарсы ережелердің сақталуын бақылайды.

2.9. Түскен сұранысқа қарай құжаттарды немесе көшірмелерін береді.

2.10. Мұрағат құжаттарының деректерінің негізінде қажетті анықтамалар жазады.

- 2.11. Мұрағат жұмысы жөнінде есеп құрастыру үшін деректер дайындайды.
- 2.12. Заманауи техникалық құралдарды пайдалану жөнінде қажетті іс-шаралар қабылдайды.
- 2.13. Мектепте, тұрмыста, қоғамдық жерде этика нормаларын сақтайды.

3. Құқығы

Мұрағатшы құқығы:

3.1. Мектеп қызметкерлерінен қажет болған жағдайда әкімшіліктен қажетті ақпарат пен материалдарды талап етуге.

4. Жауапкершілігі

4.1. Өзінің тікелей міндеттерін жарғы мен ішкі тәртіп ережелерін, басқа да нормативті актілерді, осы лауазымдық нұсқаулықтағы міндеттерін себепсіз орындамаса мұрағатшы ҚР Еңбек кодексінде көрсетілген тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылады.

4.2. Мектепке немесе білім беру үрдісіне қатысушыларға мұрағатшының міндетін орындамауына байланысты залал келсе ол ҚР Еңбек кодексі мен заңнамаларда қарастырылған тәртіп бойынша материалды жауапкершілікке тартылады.

5. Қарым-қатынас. Қызметтік байланыстар

5.1. Мектеп директоры бекіткен жұмыс кестесімен істейді.

5.2. Жұмыс барысында қажетті ақпараттар мен материалдарды дайындау немесе ұсыну мәселелер бойынша педагогикалық, әкімшілік ұжымымен өзара әрекеттеседі.

Білуі тиіс:

Нормативтік-құқықтық актілер, ережелер, нұсқаулықтар, мұрағат ісін жүргізу жөнінде басшылыққа материалдар, архив ісі жүйесін, мектеп қызметінің бағытын, мұрағат ісінің стандартын, мұрағатқа құжаттарды қабылдау және тапсыру тәртібін, сақтау оларды пайдалану, іс жүргізудің бірыңғай мемлекеттік жүйесін уақытша және тұрақты сақталатын құжаттарды есепке алу ережесі, тозығы жеткен құжаттарды жою, есеп беру, есепке алу тәртібі, еңбекті ұйымдастыру негізі, техникалық құралдарды қолдану ережелері, ҚР еңбек туралы заңнамалары, ішкі еңбек ережелері, еңбекті сақтау нормасы мен ережелері, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қызмет талаптары мен ережелері.

Қызметтік нұсқаулықпен таныстым және екінші данасын алдым

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____

Мерзімі: « ____ » _____ 20 ____ ж.

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

Вахтершының лауазымдық нұсқаулықтары

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы қызметтік нұсқаулық ҚР Білім және ғылым министрінің 13.07.2009ж. №338 бұйрығы, ҚР халықты әлеуметтік қорғау және еңбек министрінің 30.05.2003ж. №119 бұйрығы және 28.06.2003ж. №141 бұйрығымен бекіткен, мемлекеттік мекемелер мен қазыналық өндірістерде мамандардың жеке қызметтік біліктілігі, барлық шаруашылық үшін жалпы, мектептің ұжымдық шарты, жарғысы негізінде әзірленген, мектептің тарифтік-біліктілік сипаттамасы негізінде дайындалған лауазымдық нұсқаулығы.

1.2. Вахтершы мектеп директорының бұйрығымен жұмысқа алынады және босатылады. Вахтер лауазымына кәсіби білімі бар, жұмыс өтілінсіз, арнайы дайындықсыз тұлға тағайындалады.

1.3. Вахтершы директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.4. Вахтершы өз жұмысында нормативті құжаттар мен бұйрықтар, нұсқаулықтар, еңбекті сақтау нормалары мен ережелер қауіпсіздік техникасы, өндірістің санитария, өрт қауіпсіздігі, сонымен қатар жарғы мен ішкі тәртіп ережелері және осы нұсқаулықты басшылыққа ала отырып қызмет атқарады.

2. Қызметі

2.1. Негізгі бағыты: мектептің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

2.2. Мектеп қызметкерлерін өткізеді, бөгде адамдарды құжаттары бойынша өткізеді.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Мектептің кіреберісінде кезекші міндетін атқарады.

3.2. Ұстанған құжаттар бойынша мектепте кезекшілерді жібереді, қызметкерлерді өткізеді.

3.3. Үлкен қақпаны ашады, жабады.

3.4. Мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес таңертең 07.15-те кезекшілікті қабылдап, кешкі 19.00-де тапсырады, қабылдау тапсыру туралы жазба жасайды.

3.5. Кіреберістегі санитарлық тазалыққа қарайды, жауап береді.

3.6. Мектепте, тұрмыста, қоғамдық жерлерде этика нормасын сақтайды.

4. Құқығы

4.1. Мектеп қызметкерлерінің қажет болса әкімшіліктен қажетті ақпаратты сұрауға құқығы бар.

5. Жауапкершілігі

5.1. Өзінің тікелей міндеттерін жарғы мен ішкі тәртіп ережелерін, басқа да нормативті актілерді, осы лауазымдық нұсқаулықтың міндеттерін себепсіз орындамаса вахтершы ҚР Еңбек кодексінде көрсетілген тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылады.

6. Қарым-қатынастар. Қызметтік байланыстар

6.1. Мектеп директоры бекіткен жұмыс кестесімен істейді.

6.2. Жұмыс барысында қажетті ақпараттар мен материалдарды дайындау немесе ұсыну мәселелер бойынша педагогикалық, әкімшілік, кіші персонал ұжыммен өзара әрекеттеседі.

Білуі тиіс:

Нормативтік-құқықтық актілер, ережелер, нұсқаулықтар, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін материалдар, еңбекті ұйымдастыру негіздерін техникалық құралдарды қолдану, ҚР еңбек туралы заңнамаларын ішкі еңбек тәртібі, еңбекті қорғау ережелері мен нормалар, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі.

Қызметтік нұсқаулықпен таныстым және екінші данасын алдым

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____

Мерзімі: « ____ » _____ 20 ____ ж.

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

Жангабылов Ербол Жапарович

Күзетшінің лауазымдық нұсқаулықтары

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы қызметтік нұсқаулық ҚР Білім және ғылым министрінің 13.07.2009ж. №338 бұйрығы, ҚР халықты әлеуметтік қорғау және еңбек министрінің 30.05.2003ж. №119 бұйрығы және 28.06.2003ж. №141 бұйрығымен бекіткен, мемлекеттік мекемелер мен қазыналық өндірістерде мамандардың жеке қызметтік біліктілігі, барлық шаруашылық үшін жалпы, мектептің ұжымдық шарты, жарғысы негізінде әзірленген, мектептің тарифтік-біліктілік сипаттамасы негізінде дайындалған лауазымдық нұсқаулығы.

1.2. Күзетші тікелей директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.3. Күзетші өз жұмысында нормативті құжаттар мен бұйрықтар, өнімдер, еңбекті сақтау нормалары мен ережелер қауіпсіздік техникасы, өндірістің санитария, өрт қауіпсіздігі, сонымен қатар, Жарғы мен ішкі тәртіп ережелері және осы нұсқаулықты басшылыққа алады.

2. Лауазымдық міндеттері:

2.1. Мектепте күзету қызметін жүзеге асырады.

2.2. Мектептің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

2.3. Мектепке келген тұлғалардың құжаттарын тексереді, нысанға қатысы жоқ адамдарды жібермейді, материалды құндылықтарды әкелу немесе әкетуін бақылайды.

2.3. Мектепке орнатылған күзет-өрт дабылы құралдарының жұмысын бақылайды, қауіпсіздік қызметінің басшысына хабар береді, қажет болса ішкі істер немесе өрт бөліміне.

2.4. Дабыл қосылау себебін анықтайды, шара қолданады, тәртіп бұзушыларды ұстайды.

2.5. Дабыл соғылған кезде шығу (кіру бекеттерін жабады қызмет басшысының рұқсатымен шығарады, кіргізеді).

2.6. Күзетіп отырған объекіден материалды құндылықты заңсыз адып шығуға ұмтылған немесе құқық бұзушыларды ұстайды.

2.7. Құжаттардың дұрыс сақталуы үшін қажетті жағдай жасайды, құжаттардың жағдайын қарайды.

2.8. Жұмыс барысында шылым шекпейді, спирт ішімдіктерін қолданбайды және санитарлық ережелерді сақтайды.

2.9. Еңбек тәртібінің дұрыс орындалмауы туралы мектеп директорына немесе оның орынбасарына хабарлайды.

2.10. Күзетке алынған объектінің тұтастығын тексеру (құлыптардың пломбалануы, өртке қарсы қолданатын керек-жарақтың бар болуы, телефон, электр жарықтың дұрысытығы).

2.11. Күзетке алынған объектіні ауысымына үш рет қарап өту.

2.12. Есік-терезелер, мөрлердің бұзылған жағдайында мектеп директорына немесе оның орынбасарына хабарлайды және полиция қызметкерлері келгенше күзетеді.

2.13. Кешкі кезекшілікті сағат 19.00-де қабылдап, таңертең 07.15-те өткізеді.

2.14. Мектепте, қоғамдық орындарында күнделікті әдептілік нормаларын сақтайды.

3. Құқығы

3.1. Мектеп қызметкерлерінің қажет болса әкімшіліктен қажетті ақпаратты сұрауға құқығы бар.

4. Жауапкершілігі

4.1. Өзінің тікелей міндеттерін жарғы мен ішкі тәртіп ережелерін, басқа да нормативті актілерді, осы лауазымдық нұсқаулығы міндеттерін себепсіз орындамаса ҚР еңбек кодексінде көрсетілген тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылады.

4.2. Мектепте немесе білім процесіне қатысушыларға күзетшінің міндетін орындауына, орындамауына байланысты залал келсе, ол ҚР еңбек кодексі мен заңнамаларда қарастырылған тәртіп бойынша материалды жауапкершілікке тартылады.

5. Қарым-қатынас. Қызметтегі байланыстар

5.1. Мектеп директоры бекіткен кесте бойынша жұмыс істейді.

5.2. Жұмыс барысында қажетті ақпараттар мен материалдарды дайындау немесе ұсыну мәселелер бойынша педагогикалық, әкімшілік ұжыммен өзара әрекеттеседі.

Білуі тиіс:

Нормативті-құқықтық актілер, ережелер, нұсқаулықтар, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін материалдар, еңбекті ұйымдастыру негіздерін техникалық құралдарды қолдану, ҚР еңбек туралы заңнамаларын ішкі еңбек тәртібі, еңбекті қорғау ережелері мен нормалар, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі.

Қызметтік нұсқаулықпен таныстым және екінші данасын алдым

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____

Мерзімі: « ____ » _____ 20 ____ ж.

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

Сулейменова Аида Абдихамитовна

Қызметтік жайларды жинап тазалаушының лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы қызметтік нұсқаулық мектептің қызметтік жайларды жинап тазалаушының тарифтік-біліктілік мінездемесі, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.05.2003ж. №119 бұйрығымен бекітілген барлық қызмет түрлеріне ортақ қазыналық кәсіпорын және мемлекеттік ұйымдар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік талаптары, мектептің ұжымдық шарты, жарғысы негізінде жасалған.

1.2. Қызметтік жайларды жинап тазалаушы қызметке мектеп директоры тағайындайды және қызметінен босатады. Қызметтік жайларды жинап тазалаушы қызметіне жұмыс өтілі мен арнайы дайындығы жоқ адамдар тағайындалады.

1.3. Қызметтік жайларды жинап тазалаушы тікелей директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.4. Қызметтік міндетін орындау барысында қызметтік жайларды жинап тазалаушы өкімдері, бұйрықтарды, басқа да басшылыққа алатын және де нормативтік құжаттарды, еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін, қауіпсіздік техникасын, өндірістегі тазалық және өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ мектептің ішкі еңбек тәртібі ережелері мен жарғысын және осы нұсқаулықты басшылыққа алады.

2. Лауазымдық міндеттері

Қызметтік жайларды жинап тазалаушы мына лауазымдық міндеттерді орындайды:

2.1. Мектепте санитарлық-гигиеналық талаптарды қамтамасыз ету.

2.2. Мектепте оған бекітілген қызметтік және оқу жайларын жинайды (сыныптар, кабинеттер, дәліздер, сатылар, жуынатын орындар, дәретханалар және т.б.).

2.3. Қолмен немесе құралдардың көмегімен қабырғаларды, еденді, терезе жақтауларын және шыныларды, жиһазды және кілем өнімдерін сыпырады және жуады, шаңды сүртеді.

2.4. Қоқыс салатын жәшіктерді қағаздан тазалайды және оларды дезинфекциялық ерітіндімен жуады, қоқысты жинайды және оны белгіленген орынға шығарады.

2.5. Унитазды, раковиналарды және басқа да санитарлық-гигиеналық жабдықты тазалайды және залалсыздандырады, жуынатын орындарда (дәретханаларда) сабын (сұйық сабын) және дәретхана қағазын қояды.

2.6. Тазаланатын жайларда санитария мен гигиена талаптарын сақтайды, оларды желдетуді қамтамасыз етеді.

2.7. Белгіленген тәртіпке сәйкес жарықтандыруды қосады және айырады.

2.8. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтай отырып қажетті жуу және залалсыздандыру ерітінділерін дайындайды.

2.9. Қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

2.10. Бекітілген аумақтағы тәртіпті бақылайды, оқушылар жағынан болған айқын тәртіп бұзылуын әдепті сақтай отырып тоқтатады және заңды талапқа бағынбаған жағдайда кезекші педагогқа бұл туралы хабарлайды.

2.11. Әрбір жұмыс күнінің басында және аяғында, жабдықтардың, жиһаздардың, құлыптардың және басқа бекітілген құрылғылардың, терезе шыныларының, крандардың, раковиналардың, жуынатын жерлердің, электр аспаптарының (ажыратқыштар, розеткалар, кішкентай шамдар және т.б.) және жылу құралдарының жарамдылығын тексеру мақсатында бекітілген аумақты аралап шығады, айына бір рет бекітілген аумақта түбегейлі тазалауды өткізеді.

2.12. Бекітілген аумақта терезелерді іш жағынан (бірінші қабатта – ішкі және сыртқы жағынан) жуады.

2.13. Тұтас перделерді, перделерді таза жағдайда ұстайды, перделерді жылына екі рет немесе олардың кірлеуіне қарай жуады.

2.14. Мәжіліс және спорт залдарын, жайларды мектепшілік іс-шараларға дайындауда қатысады.

2.15. Бекітілген аумақта сантехниканың, жылыту радиаторларының, есік құлыптарының, терезе тиектерінің, шынылардың және т.б. ақаулығын тапқан жағдайда сұраным журналына тиісті жазу қалдырады немесе директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына ауызша ақпарат береді.

2.16. Мектеп әкімшілігінің бірлі-жарым жеке тапсырмаларын орындайды.

2.17. Заттар мен құралдарды шаруашылық мақсатына тиімді жұмсауға жауапты.

2.18. Вахтердағы жұмыс уақытын тіркеу журналына күнделікті өзінің жұмысының басталу және аяқталу уақытын белгілейді.

2.19. Мектепте, тұрмыста, қоғам орындарында қоғамдық жағдайына сай тәртіптің этикалық нормаларын сақтайды.

3. Құқығы

Қызметтік жайларды жинап тазалаушы мыналарға құқылы:

3.1. Жуу құралдарын, жабдықтарын және сұрту материалдарын, оларды сақтауға арналған жайларды бөлінуіне.

3.2. Белгіленген нормалар бойынша арнайы киім алуға.

4. Жауапкершілігі

4.1. Қызметтік жайларды жинап тазалаушы мектептің осы нұсқаулықпен белгіленген ішкі еңбек күн тәртібінің ережелерін және жарғысын, басқа да жергілікті нормативтік актілердің, лауазымдық міндеттерді орындамауы немесе дәлелді себепсіз тиісті орындамауы, сонымен қатар бірге берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін ҚР Еңбек кодексімен анықталған тәртіпте, тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

4.2. Мектепке немесе оқу үдерісіне қатысушыларына өзінің лауазымдық қызметтерін орындамауына байланысты, қызметтік жайларды жинап тазалаушы

айыпты зиян келтіргені үшін, ҚР еңбек кодексі және (немесе) азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен және осы шекте материалдық жауапкершілікке тартылады.

5. Өзара қатынас. Лауазымдық байланыстары

Қызметтік жайларды жинап тазалаушы:

5.1. Мектеп директорымен бекітілген кесте бойынша жұмыс істейді.

5.2. Өзінің іс-әрекеті барысында педагогикалық, әкімшілік және қызмет көрсету қызметкерлерімен қажетті ақпарат және материалдарды ұсынуға және дайындау мәселелері дайындауда өзара әрекеттеседі.

Білуі тиіс:

Мектеп қызметінің мамандандыруын, еңбек ұйымдастыру негіздерін, техникалық құралдарының пайдалану ережелерін, ҚР еңбек туралы және еңбекті қорғау заңнамаларын, ішкі жұмыс күн тәртібі ережелерін, еңбек қорғау нормалары мен қауіпсіздік техникасын, өндірістік санитариясын және өртке қарсы қорғану ережелерін білуі керек.

Қызметтік нұсқаулықпен таныстым және екінші данасын алдым

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____

Мерзімі: « ____ » _____ 20 ____ ж.

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

Киім ілушінің лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1.1. Киім ілуші жұмысқа кәметке толған тұлғалар арасынан, білім мен жұмыс тәжірибесіне талап қойылмастан директорының бұйрығы бойынша тағайындалады және босатылады.

1.2. Киім ілуші тікелей директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарына бағынады.

2. Міндеттері

Киім ілуші мынадай міндеттерді атқарады:

- оқушыларының, қызметкерлері мен келушілерінің сыртқы киімдерін, бас киімдері мен басқа да жеке заттарын сақтауға қабылдайды;
- оқушыларға, қызметкерлерге және келушілерге заттарының сақталған орыны бойынша нөмірі көрсетілген жетон береді;
- жетон ұсынған оқушыларға, қызметкерлерге және келушілерге киімдері мен басқа да заттарын қайтарып береді;
- қажет болған жағдайда шешінуге, киінуге көмектеседі, киімді тазартады;
- тапсырылған заттардың сақталуын қамтамасыз етеді;
- гардероб орын-жайын тазалық пен тәртіпте ұстайды;
- гардеробқа келуші адамдар, оқушылар мен қызметкерлер болмаса, кіре беріс есігінің алдында кезекшілік етеді.

3. Құқықтары

Киім ілуші мынадай құқықтарға ие:

- әкімшілігінен өз еңбек міндеттерін атқаруға қолайлы жағдай жасауды талап етуге;
- қызметкерлерден, білім алушылардан және өзге де тұлғалардан гардеробты пайдалану тәртібін сақтауды талап етуге.

4. Жауапкершілігі

4.1. Киім ілуші осы нұсқаулықтың 2-тармағында қарастырылған міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, сондай-ақ ішкі еңбек тәртібі ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

4.2. Сақтауға тапсырылған заттар жоғалған немесе бүлінген жағдайда, бұл оның кінәсінен еместігі дәлелденбесе, киім ілуші жасаған жазбаша шарттың негізінде толық материалдық жауапкершілікке тартылады.

Қызметтік нұсқаулықпен таныстым және екінші данасын алдым

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____

Мерзімі: « ____ » _____ 20 ____ ж.

03-01-15

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

Аула тазалаушының лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы қызметтік нұсқаулық мектептің қызметтік жайларды жинап тазалаушының тарифтік-біліктілік мінездемесі, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.05.2003ж. №119 бұйрығымен бекітілген барлық қызмет түрлеріне ортақ қазыналық кәсіпорын және мемлекеттік ұйымдар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік талаптары, мектептің ұжымдық шарты, жарғысы негізінде жасалған.

1.2. Аула тазалаушы жұмысқа директоры тарапынан және оның шаруашылық жөніндегі орынбасары ұсынысымен, біліміне және жұмыс стажына талап қойылмастан қабылданады және босатылады.

1.3. Аула тазалаушы тікелей директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.4. Аула тазалаушы өз жұмысында мыналарды басшылыққа алады:

- мектеп ауласын тазалықта ұстау жөніндегі санитарлық, гигиеналық ережелерді;
- күтіміндегі жабдықтар мен құрылғылардың жұмыс істеу ережесін;
- жинап тазалау тәртібін;
- техникалық инвентарларды қауіпсіз пайдалану ережелерін;
- жалпы еңбек қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, сондай-ақ жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін және осы нұсқаулықты.

2. Функциялары

Аула тазалаушы қызметінің негізгі бағыты – аймағының өзіне бекітілген аумағының тиісті санитарлық жағдайда және тәртіпте ұсталуын қамтамасыз ету.

3. Лауазымдық міндеттері

Аула тазалаушы мынадай міндеттерді атқарады:

3.1. Аймағындағы өзіне бекітілген учаскені, соның ішінде ғимаратқа кіре берісті, кіретін және шығатын жолдарды балалар келгенше 30 минут бұрын жинап тазалайды.

3.2. Техникалық инвентарлар көмегімен аймағындағы өзіне бекітілген аумағын сыпырып тазалайды, қоқыстарын шығарады.

3.3. Аймағында санитарлық және гигиеналық ережелерді сақтайды.

3.4. Еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтайды.

3.5. Бекітілген аумағында тәртіп сақталуын қадағалайды, оқушылар тарапынан тәртіптің өрескел бұзылуына жол бермес үшін әдепті түрде оның

алдын алып отырады, егер олар заңды талаптарға бағынбаған жағдайда бұл туралы кезекші педагогқа хабарлайды.

3.6. Әрбір жұмыс күнінің басында және аяғында жабдықтардың, құлыптар мен өзге де бекіту қондырғыларының, терезе әйнектерінің бүтіндігін тексеру мақсатында өзіне бекітілген аймақты аралап шығады.

3.7. Қысқы уақыттары спорттық-ойын алаңдары, жүргінші жолдар, баспалдақтар күн сайын қардан, мұздан тазартылып, құм себіліп жатуы тиіс.

4. Құқықтары

Аула тазалаушы мыналарға құқылы:

4.1. Техникалық инвентарлар алуға және оларды сақтайтын орын бөлдіруге.

4.2. Белгіленген нормалар бойынша арнаулы киімдер алуға.

5. Жауапкершілігі

5.1. Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережесін, директорының заңды өкімдері мен өзге де жергілікті нормативтік актілерді, осы нұсқаулықта белгіленген міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін аула тазалаушы еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

5.2. Өз лауазымдық міндеттерін атқару (атқармау) барысында келтірілген зияны немесе білім беру процесіне қатысушыларға тигізген залалы үшін аула тазалаушы еңбек және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген рет пен көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады.

6. Қарым-қатынасы. Қызметтік байланыстары

Аула тазалаушы:

6.1. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары ұсынып, директоры бекіткен сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған кесте бойынша, нормаланған жұмыс күні режимінде еңбек етеді.

6.2. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары басшылығымен санитария және гигиена ережелері, жинап тазалау, техникалық инвентарларды қауіпсіз қолдану, сондай-ақ еңбек қорғау мен өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормалары жөнінде нұсқаулықтар алады.

6.3. Жиналып тазаланатын учаскеде электрлік және санитарлық-гигиеналық жабдықтардың дұрыс жұмыс істемеуі, есіктердің, құлыптардың, әйнектердің, бекіткіш тетіктердің және т.б. сынуы, бүлінуі туралы тез арада ғимарат, құрылыс және жабдықтар күтіміне қарап, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізетін жұмысшыға хабарлайды.

Қызметтік нұсқаулықпен таныстым және екінші данасын алдым

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____

Мерзімі: « ____ » _____ **20** ____ **ж.**

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

Санитарлық жабдық жөніндегі техник лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1.1. Санитарлық жабдық жөніндегі техник негізгі жұмысшы санатына жатады.

1.2. Санитарлық жабдық жөніндегі техник жұмысқа директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары ұсынысымен директоры бұйрығы бойынша қабылданады және босатылады.

1.3. Санитарлық жабдық жөніндегі техник тікелей директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.4. Санитарлық жабдық жөніндегі техник өз жұмысын өндірістік жүктеме жоспары, нормаланған тапсырмалар мен осы лауазымдық нұсқаулық негізінде жүргізеді.

1.5. Санитарлық жабдық жөніндегі техник жұмыста жоқ кездері (уақытша еңбекке жарамсыз жағдайда, кезекті еңбек демалысында, іссапарда жүргенде және басқа дәлелді себептермен) оның міндеттері кәсібі мен біліктілігі сәйкес жұмыскеріне немесе тиісті технологиялық процестерді игере алатын неғұрлым тәжірибелі жұмыскеріне жүктелуі мүмкін.

Мұндай жағдайда оның міндеттерін уақытша атқару директорының ҚР Еңбек кодексі талаптарын сақтай отырып шығарған бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

1.6. Санитарлық жабдық жөніндегі техник лауазымына кем дегенде бастауыш кәсіби білімі бар тұлға қабылданады.

1.7. Санитарлық жабдық жөніндегі техник өз жұмысында мыналарды басшылыққа алады:

- қабылданған сапа жөніндегі саясатты;
- Ішкі еңбек тәртібі ережелерін;
- еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын;
- өз кәсіби нұсқаулығын;
- орындалатын жұмыстың сапасына, соның ішінде қосымша атқарылатын операциялар мен процестерге қойылатын талаптарды.

1.8. Мыналарды білуі тиіс:

- өз жұмысында қолданылатын жабдықтарды, олардың жұмыс принциптері мен жөндеу тәсілдерін;
- орындалатын жұмыстардың технологиялық процестерін;
- ақаулық түрлерін, тудыратын себептерді және олардың алдын алу, ретке келтіру тәсілдерін;

- жұмыста өзі қолданатын немесе күтім жасайтын жабдықтарды, құрылғылар мен құрал-саймандарды техникалық пайдалану және күтім жасау ережелерін; жұмыс кезінде туындайтын ағымдағы ақаулықтардың себептерін және оларды ретке келтіру әдістерін;

- материалдық ресурстарды үнемдеу мен тиімді пайдалану режимін;

- атқарылатын жұмыстарға жұмсалуға тиісті энергия, шикізат және материалдар шығынының нормаларын;

- санитарлық-техникалық жүйелер мен арматураларды сынақтан өткізу ережелерін;

- қазандықтарды, бойлерлерді (су жылытатын құрылғылар), калориферлерді (ауа жылытатын, кептіретін аспаптар) және насостарды жұмысқа дайындау және сынақтан өткізу тәсілдерін;

- өз жұмыс орнында еңбекті тиімді ұйымдастыру ретін.

2. Функциялары

Санитарлық жабдық жөніндегі техник:

2.1. санитарлық-техникалық жүйелер мен арматуралар ақаулықтарын ретке келтіреді.

2.2. Ауысымды қабылдау және тапсыру ісіне байланысты жұмыстарды атқарады.

3. Лауазымдық міндеттері

Санитарлық жабдық жөніндегі техник мынадай міндеттерді атқарады:

3.1. Жылу орталығындағы, сумен жабдықтау, канализация және суағар санитарлық-техникалық жүйелеріндегі күрделі детальдар мен тораптарды бөлшектеу, жөндеу және жинап құрастыру.

3.2. Санитарлық-техникалық жүйелерді сынақтан өткізу.

3.3. Аппаратураларды тексеру және сынақтан өткізу.

3.4. Бақылау-өлшеу приборлары қондырылатын орындарды белгілеу.

4. Құқықтары

Санитарлық жабдық жөніндегі техник мыналарға құқылы:

4.1. Өз функциональдық міндеттері аясына енетін өндірістік және басқа мәселелер бойынша басқа қызмет орындарымен өзара бірлесіп әрекет етуге.

4.2. Өз қызметіне қатысты әкімшілігі шешімдерінің жобаларымен танысуға.

4.3. Осы лауазымдық нұсқаулықта қарастырылған міндеттерге байланысты жұмыстарды жетілдіру жөнінде директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары қарауына ұсыныс ендіруге.

4.4. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары қарауына сантехникалық жағынан пайдалану және күтім жасау тәртібінің бұзылуына байланысты жаза қолдану туралы ұсыныс жасауға.

4.5. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына атқарылатын жұмыстарға байланысты анықталған барлық кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтар туралы баяндап отыруға.

5. Жауапкершілігі

Санитарлық жабдық жөніндегі техник мыналарға жауап береді:

5.1. Осы нұсқаулықта қарастырылған өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін – ҚР еңбек заңнамалары аясында белгіленген шектерге.

5.2. Қызметін регламенттейтін тәртіп, ережелерді бұзғаны үшін.

5.3. Өз қызметін атқару барысында жасаған құқық бұзушылық әрекеттері үшін – қолданыстағы ҚР әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамалар аясында белгіленген шектерде.

5.4. Келтірген материалдық залалы үшін – ҚР еңбек және азаматтық заңнамалар аясында белгіленген шектерде.

5.5. Коммерциялық құпиялар мен құпия ақпараттарды жария етпеу жөніндегі қолданыста жүрген нұсқаулықтарды, бұйрықтар мен өкімдерді орындауға.

5.6. Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға.

6. Лауазымы бойынша өзара қарым-қатынастар мен байланыстар

6.1. Өзара бірлесіп әрекет етеді:

- директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарымен;
- технологиялар мұғалімімен;
- техникалық персоналымен.

6.2. Сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған кесте бойынша, нормаланбаған жұмыс күні режимінде жұмыс істейді.

6.3. Жұмыс жоспарын есепке ала отырып әр оқу тоқсаны мен әрбір жұмыс күніне арнап өз жұмысын дербес жоспарлайды.

6.4. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына қажетті ақпараттар мен есеп беру құжаттамаларын дер кезінде ұсынып отырады.

6.5. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарынан нормативтік-құқықтық және ұйымдық-әдістемелік сипатта ақпараттар алады, тиісті құжаттармен қол қоя отырып танысады.

Қызметтік нұсқаулықпен таныстым және екінші данасын алдым

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____

Мерзімі: « ____ » _____ 20 ____ ж.

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

Электршінің лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1.1. Электрші жұмысшылар санатына жатады.

1.2. Бұл лауазымға тағайындау және босату директоры тарапынан директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары ұсынысымен жүзеге асырылады.

1.3. Электрші тікелей директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.4. Біліктілік талаптары:

Электрші лауазымына бұл мамандық бойынша бастауыш кәсіби немесе орта білімі, кем дегенде 5 жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар тағайындалады. Электрші санаты 1000 В-қа дейінгі 4-қауіпсіздік тобынан төмен болмауы тиіс.

2. Функциялары

Электрші қызметінің негізгі бағыты электр жабдықтарының өауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

3. Лауазымдық міндеттері

Электрші мынадай лауазымдық міндеттерді атқарады:

3.1. Қызмет көрсететін қондырғылар мен электр жабдықтарының жөндемді жағдайда, қауіпсіз және сенімді жұмыс істеп тұруын қамтамасыз етеді.

3.2. Жаңа электр желілерін монтаждайды.

3.3. Жабдықтардың электрлік бөліктеріне белгіленген кестеге сәйкес жоспарлы алдын алу бағытындағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

3.4. Тозу себептерін айқындайды, олардың алдын алу және ретке келтіру шараларын қолданады.

3.5. ТП-2 трансформаторы мен электр желілерінің техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарға, қолданыстағы техникалық шарттар мен нормаларға сәйкес дұрыс пайдаланылуын, жөндеу жұмыстарының дер кезінде әрі сапалы жүргізілуін қамтамасыз етеді.

3.6. Қондырғылар жұмысындағы ауытқуларды жояды, оларды жөндейді, монтаждайды, реттейді.

3.7. Ішкі еңбек тәртібі ережелері мен техникалық персонал жұмысы режимін сақтайды.

3.8. Қолданыстағы нұсқаулықтарға сәйкес еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды.

4. Құқықтары

Электрші мыналарға құқылы:

4.1. директорының қарауына мектеп пен оның бөлімшелеріндегі электрлік қызмет көрсету ісін жақсарту, технологиялық процестерді жақсарту, қондырғылар мен жабдықтарды жетілдіру, еңбек эстетикасын көтеру бағытында ұсыныстар ендіруге.

4.2. Қалыпты еңбек жағдайларының жасалуын қамтамасыз етуді талап етуге.

4.3. Жоғары тұрған ұйымдардың әдіскер-энергетигінен учаскеде пайда болған жұмыстың жаңа түрлері туралы ақпараттар мен нұсқаулықтар алуға.

4.4. Әкімшіліктен еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын талап етуге.

4.5. Қолданыстағы нормаларға сәйкес арнаулы киімдермен қамтамасыз етуді талап етуге.

5. Жауапкершілігі

Электрші мыналарға жауап береді:

5.1. Жабдықтардың электр қауіпсіздігі жөнінен дұрыс пайдаланылуына.

5.2. Жоспарлы алдын алу мақсатындағы жөндеу жұмыстарының дер кезінде және сапалы жүргізілуіне, электрик кінәсінен жабдықтардың бос тұрып қалуына.

5.3. Еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуына.

5.4. Жұмыс орнын таза және тәртіппен ұстауға.

5.5. Өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін – ҚР қолданыстағы еңбек заңнамаларында белгіленген шектерде.

5.6. Өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтары үшін – ҚР қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларында белгіленген шектерде.

5.7. Келтірген материалдық залалы үшін – ҚР қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамаларында белгіленген шектерде.

6. Қарым-қатынас және лауазымдық байланыстар

6.1. Өзара әрекеттестік:

- директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарымен;

- технология мұғалімімен;

- техникалық персоналымен бірлесіп әрекет ету бағытында өзара қарым-қатынаста болады.

6.2. Сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған кесте бойынша, нормаланған жұмыс күні режимінде еңбек етеді.

6.3. Жұмыс жоспарын ескере отырып өз жұмысын әрбір оқу тоқсанына және әрбір жұмыс күніне арнап дербес жоспарлайды.

6.4. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына қажетті ақпараттар мен есептік құжаттамаларды дер кезінде тапсырып отырады.

6.5. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарынан нормативтік-құқықтық және ұйымдық-әдістемелік сипатта ақпараттар алып, тиісті құжаттармен қол қоя отырып танысады.

6.6. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары басшылығымен қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқама, жөн-жоба алады.

Қызметтік нұсқаулықпен таныстым және екінші данасын алдым

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____

Мерзімі: « ____ » _____ **20** ____ **ж.**

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«№81 Astana English School
мамандандырылған гимназия»
директоры

_____ Г.Д. Садыкова

**Ғимараттың жөндеу жұмысы және құрал-жабдықтарды қамтамасыз ету,
қызмет жұмысшысының лауазымдық нұсқаулығы**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы қызметтік нұсқаулық мектептің қызметтік жайларды жинап тазалаушының тарифтік-біліктілік мінездемесі, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.05.2003ж. №119 бұйрығымен бекітілген барлық қызмет түрлеріне ортақ қазыналық кәсіпорын және мемлекеттік ұйымдар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік талаптары, мектептің ұжымдық шарты, жарғысы негізінде жасалған.

1.2. Ғимараттың жөндеу жұмысы және құрал-жабдықтарды қамтамасыз ету, қызмет жұмысшысы 18 жастан асқан тұлғалар арасынан білімі мен жұмыс тәжірибесіне талап қойылмастан директоры тарапынан директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары ұсынысымен қабылданады және босатылады.

1.3. Ғимараттың жөндеу жұмысы және құрал-жабдықтарды қамтамасыз ету, қызмет жұмысшысы тікелей директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.4. Ғимараттың жөндеу жұмысы және құрал-жабдықтарды қамтамасыз ету, қызмет жұмысшысы өз ісіне мыналарды басшылыққа алады:

- Ғимараттардың санитариясы, абаттандыру, сыртқы көрінісі мен жай-күйі жөніндегі жергілікті органдардың қаулыларын;

- көшелер, тұрғын-жайлар күтімінің, қоқыс салғыштар т.б. ұстаудың санитарлық және гигиеналық ережелерін;

- күтімге алынған жабдықтарды пайдалану ережелерін;

- жинап тазалық, жөндеу-құрылыс, слесарлық, электротехникалық және дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін;

- еңбек қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын;

- жарғы мен Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, осы нұсқаулықты.

2. Функциялары

Ғимараттың жөндеу жұмысы және құрал-жабдықтарды қамтамасыз ету, қызмет жұмысшысы қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

2.1. ғимараты мен оның территориясы күтімін тиісті қалыпта ұстау.

2.2. қалыпты қызметін қамтамасыз ететін орталық жылу, сумен, жылумен, газбен және энергиямен жабдықтау, канализация, суағар, желдеткіш, ауа алмастыру жүйелерін жұмыс жағдайында ұстау.

2.3. Әртүрлі бағыттағы ғимараттар мен мектеп мүліктерінің ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу.

3. Лауазымдық міндеттері

Ғимараттың жөндеу жұмысы және құрал-жабдықтарды қамтамасыз ету, қызмет жұмысшысы мынадай міндеттерді атқарады:

3.1. Күтімге алынған ғимараттарды, құрылыстардың, жабдықтар мен механизмдерді маусымдық дайындықтардан өткізеді.

3.2. Қызметкерлерінің тапсырыстары бойынша зақымданған, бүлінген ақаулықтарды қалпына келтіреді.

3.3. Күтімге алынған ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтар мен механизмдерді мезгіл-мезгіл байқаудан өткізеді, оларға техникалық күтім жасап, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл орайда тақтай төсемдерді, тіректерді, аспалы және басқа сақтық, қауіпсіздік және көтергіш құрылғыларды пайдалана отырып жөндеу-құрылыс жұмыстарының барлық түрін (сылау, бояу, тұсқағаздар жапсыру, бетон құю, балташылық, ағаш бұйымдарын жасау, т.б.) атқарады.

3.4. Орталық жылу, сумен, жылумен, газбен жабдықтау, канализация, суағар, желдеткіш, ауа алмастыру жүйелерін және басқа да жабдықтарды, механизмдер мен конструкцияларды слесарлық, дәнекерлік жұмыстар бойынша ағымдағы жөндеуден өткізеді және оларға техникалық күтім шараларын жүргізеді.

3.5. Электротехникалық жұмыстарды орындаумен қатар электр желілері электр жабдықтарын мантаждау, бөлектеу (демонтаж) және ағымдағы жөндеуден өткізу шараларын атқарады.

3.6. Құрылыс жөндеу, слесарлық электротехникалық және дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу технологиясын, ғимараттарды, жабдықтарды, механизмдерді, машиналарды, құрылыстарды пайдалану мен күтіп ұстау тәртібін, еңбек қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтайды.

4. Құқықтары

Ғимараттың жөндеу жұмысы және құрал-жабдықтарды қамтамасыз ету, қызмет жұмысшысы мыналарға құқылы:

4.1. Белгіленген норма бойынша тиісті жабдықтармен, құрал-саймандармен материалдармен, жеке қорғаныс құралдармен және арнаулы киіммен қамтамасыз етілуге.

4.2. Ақауы бар қауіпті объектілерді (жабдықтарды, машиналарды, механизмдерді, приборларды, конструкцияларды және т.б.) пайдалануға тиым салуға.

4.3. Тиісті қауіпсіздік шаралары қарастырылмаған немесе ондай шараларды қолдану мүмкін болмайтын жағдайларда адам өмірі мен денсаулығына қауіпті жұмыстарды атқарудан бас тартуға.

5. Жауапкершілігі

5.1. Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, әкімшілігінің заңды бұйрықтары мен өкімдерін және өзге де жергілікті нормативтік актілері, осы нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерді дәлелсіз себептермен орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін ғимарат, жабдықтарға

ағымдағы күтім, жөндеу жүргізуші жұмысшы еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

5.2. Өз лауазымдық қызметін атқару (атқармау) кезінде келтірілген залалы немесе оқу процесіне қатысушыларға тигізген зияны үшін ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, жөндеу жүргізуші жұмысшы еңбек және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген тәртіп пен көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады.

6. Өзара қарым-қатынас және жұмыс бабындағы байланыстар

Ғимараттың жөндеу жұмысы және құрал-жабдықтарды қамтамасыз ету, қызмет жұмысшысы:

6.1. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары ұсынып, директоры бекіткен сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған кесте бойынша, нормаланған жұмыс күні режимінде еңбек етеді.

6.2. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары басшылығымен еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар алады.

Қызметтік нұсқаулықпен таныстым және екінші данасын алдым

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____

Мерзімі: « ____ » _____ 20 ____ ж.